



Автор: Бекежан Анапин Қайрбайұлы

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Елтану және саяси география негіздері

Тақырып: Дүние жүзі елдердің географиялық жағдайы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.6.1.2 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды
Сабақтың мақсаты:	Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын анықтауды үйренеді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар жасай алады... Пәндік лексика мен терминологияны елдердің ГО сипаттау, картада талдау, картосхемалар құрастыру, дәлелді ойларын жазу кезінде тиімді қолдана алады.
Күтілетін нәтиже:	- Барлық оқушылар: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдай түсінеді - Оқушылардың басым көпшілігі: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының ерекшелігін анықтайды - Кейбір оқушылар: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын бағалайды
Бағалау критерийлері:	Оқушылар: - Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын анықтай алады. - Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының ерекшелігін анықтай алады - Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын бағалай алады
Құндылықтарды дарыту:	Мәңгілік ел 4). Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивтік тақта, ғаламтор желісі.
Пәнаралық байланыс:	Математика «Жер көлемін анықтау»
Бастапқы білім:	Дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын және негізгі нәсілдер мен нәсіларалық топтардың таралу аймақтарын біледі. Нәсілдік белгілердің қалыптасу факторларын біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (Сабақтың басы Білу Мақсаты: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдай түсінігін біледі. Уақыты: 5 минут)	• Ұйымдастыру. «Шаттық шеңбер» Жұмысты ұйымдастыру формасы: топтық, жұптық жұмыс. Бағалау критериілері: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын анықтай алады. Белсенді оқыту тәсілдері: «....Тыңдап отырған үштік» Тапсырма: Физикалық және климаттық карталарды қолданып, Қазақстанның географиялық орнына сипаттама беріңіз. 1. Қазақстанның жерінің аумағы _____ 2. Әлемде алатын орыны _____ 3.Қандай құрлықта орналасқан ? _____ 4. Географиялық орны(түрі) _____ 5. Қазақстан жерінің шеткі нүктелері с.е._____ ш.б _____ 6. Солтүстік пен оңтүстіктің арақашықтығы _____ км. 7. Батыс пен шығыстың арақашықтығы _____км. Дескриптор: 1 Қазақстанның жерінің аумағын анықтап, белгілейді. 2 Қазақстанның әлемде алатын орынын анықтайды 3 Қандай құрлықта орналасқан анықтайды, белгілейді 4 Қазақстан жерінің шеткі нүктелерін анықтайды, жазады. Қалыптастырушы бағалау: Кестенің «Білемін» бағанын тақырып бойынша өткен сыныптардан алған білімдеріне сәйкес не білетінін жазып толтырады.	7-сынып оқушыларына арналған оқулық.
Сабақтың ортасы (Түсіну және қолдану Мақсаты: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдай түсінігін біледі. Уақыты: 20 мин)	• Жұмыс түрі: Жеке және жұптық, топтық жұмыс • Әдіс-тәсіл: «Ойлан, Бірік, Бөліс» • Бағалау критерийі: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын анықтай алады. • Тапсырма: Атласты пайдаланып Қазақстанның экономикалық - географиялық жағдайын жоспар бойынша сипатта, кескін картаға Қазақстанмен шекаралас жатқан орталық, перифериялық, шекаралық, транзиттік, жағалаулық және ішкі елдерді белгіле. • Дескриптор: картадан Қазақстанның экономикалық географиялық орнын анықтап, сипаттайды елдерді географиялық орнына байланысты ажыратады; орналасуы бойынша кескін картаға белгілейді; Қазақстанның және Астананы географиялық орнын белгілейді. • ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» Кестенің «Білдім» бағанына не білгені жайлы жазып толтырады Жұмысты ұйымдастыру формасы: топтық, жұптық жұмыс. Бағалау критериілері Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының ерекшелігін анықтай алады Белсенді оқыту тәсілдері: «Ойлан. Бірік. Бөліс» Тапсырма: Мәтінді және «Дүние жүзінің саяси картасы» мен бейнекөріністі пайдаланып, Қазақстан мен Түркияның экономикалық географиялық жағдайын талдап, салыстырыңдар. бейнекөрініс пен мәтінді пайдаланып, Қазақстан мен Түркияның экономикалық географиялық жағдайын салыстырады; екі елдің экономикалық географиялық жағдайының айырмашылықтарын зерделейді ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» Кестенің «Білдім» бағанына не білгені жайлы жазып толтырады	Қазақстанның атласы,кескін картасы

Сабақтың соңы (Жинақтау, Бағалау)Мақсаты: Қазақстанның экономикалық- географиялық жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын бағалайды Уақыты: 10 мин минут)	- Жұмысты ұйымдастыру формасы: Жеке жұмыс - Бағалау критериилері: Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайының қолайлы және қолайсыз жақтарын бағалай алады. - Тапсырма: Қазақстанның ЭГЖ қолайлы және қолайсыз жақтарын анықтаңыздар және оны жақсартуға Ұлы Жібек жолының маңыздылығын сипаттаңыз. - Саралау: Мұғалімнің көмегімен А) Қазақстанның ЭГЖ қолайлы,қолайсыз жақтарын анықтайды В) Қазақстанның ЭГЖ-на баға береді. Ұлы Жібек жолының ықпалын зерттейді С) Қазақстанның ЭГЖ жақсартуға болжам жасайды Деңгейлік тапсырмаларды орындау үшін оқушылар тапсырмаларды орындау тәсілін өздері таңдайды. (шығарма, мақала, кесте толтыру,құру,жоба) - Дескриптор: - Қазақстанның ЭГЖ қолайлы жақтарын анықтайды - Қазақстанның ЭГЖ қолайсыз жақтарын анықтайды; - Қазақстанның ЭГЖ жақсартуға болжам жасайды. - ҚБ: «Өзін-өзі бағалау» Кестенің «Білгім келеді» бағанына не білгісі келетіні жайлы жазып толтырады. Ол үй тапсырмасы ретінде беріледі.	Дүниежүзі саяси картасы, бейнефильм.
Рефлексия (Рефлексия 5 мин.)	Кері байланыс Төмендегі сөйлемдерді жалғастыру арқылы сабақтың қорытындысын өзіміз жасап көрейік: Мен.....деген өзімнің көзқарасымды өзгерттім Мен.....туралы көп білдім Мен.....сезіндім Менітаң қалдырды Маған..... қызық болды Маған.....қиын болды	Бағалау парағы
география пәні (ақпан)	география пәні, 7-сынып	Карта, бейнефильм